## 11 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!



Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін рейтингтік талдау нәтижелері туралы куәлік. "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК "ЛИДЕР ОТРАСЛИ 2021" құрметті атақпен марапатталды. Куәлік рейтингтегі тұрақты орнын растайды. Орасан жетістіктерге бірнеше рет қол жеткізгені, саладағы көшбасшылық тұрақтылығы, қызметтегі маңызды нәтижелері және Қазақстан экономикасына қосқан елеулі үлесі үшін, Жамбыл жоғары медициналық колледжі Қазақстан Республикасының 100-үздік мемлекеттік кәсіпорындарының қатарына енді.





"Primary Health Care" Ұлттық қауымдастық орталығы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Жамбыл облысы көлемінде "Үздік тәжірибелер орталығының" дамуына үлес қосқаны үшін, әлемге үлгілі болуға лайықты модельдердің бірі ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен танылуына жасаған еңбегі үшін колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, "Мейіргер ісі бөлімінің" меңгерушісі Ұ.Е. Дүйсембаева Алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай денсаулық сақтау саласындағы жемісті еңбегі мен еліміздің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін колледж оқытушысы Ж.Б.Иманбекова Құрмет грамотасымен, Л.Қ.Батаева Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдық мерейтойына орай білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, бөлім меңгерушісі С.Г.Бибосынова, әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева, қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы Ж.И.Қалмаханбетова, орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы Э.Б.Бердалиева, оқушыларды есепке алу инспекторы Н.М.Кишкеева Құрмет Грамоталарымен, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Б.А.Қырықбаева, кітапханашы М.А.Ералиева, заңгер Т.Н.Нышанбеков, колледж лаборанттары Ж.М.Сабуркулова, Ж.Е.Алимкулова Алғыс хаттармен марапатталды.

Оқу бөлімінің инспекторы Ш.М. Нұрпеисова Жамбыл облысы әкімі Б.Сапарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін әдістеме кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова, физика пәнінің оқытушысы Р.К.Тұрсынбаева, тәрбие жұмысының меңгерушісі Ж.Н.Айдабосынова, математика пәнінің оқытушысы Д.Н.Токсанбаева, анатомия пәнінің оқытушысы Г.Б.Таңат, жалпы гигиена пәнінің оқытушысы Н.А.Қасымов, математика пәнінің оқытушысы Г.Қ.Сарыбаева Құрмет грамоталарымен марапатталды.





"Bilim-orkenieti" ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы. Президент Қ.К.Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты бағдарламалық мақаласын жастардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен "Қазақстанның үздік магистрі" атты республикалық байқауына колледж оқытушысы Ұ.Е. Дүйсембаева қатысып, жүлделі І дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сондай ақ, колледж директоры Ж.Н.Сарыбековаға байқаудың жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсетіп, басшылық жасап отырған мекемеден магистрларды осы шараға қатыстырғаны үшін Алғыс хат табысталды.



Қазақстан интернет олимпиадасы. Информатика пәні бойынша мұғалімдерге арналған Республикалық қашықтық олимпиадасына колледж оқытушысы А.Е.Исмаилова қатысып І дәрежелі Диплом, Сертификат және облыс бойынша І орын алған үшін Мадақтамамен марапатталды.



Омск облысының бюджеттік кәсіптік оқу мекемесі "Медицинальк колледжі". Салауатты өмір салтын ұстануға арналған, өңіраралық ақпараттық байқауға колледждің 108СД-9/21топ студенттері В.Бесарабчик, М.Могильная қатысып, ІІ Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: А.Е.Исмаилова.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын педагогтар мен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «Тәуелсіздік- киелі ұғым» атты республикалық байқауында Қуанышбай Мейірман Жарылқасынұлы жеңімпаз атанып, І дәрежелі Дипломмен марапатталды, жетекшісі Г.Н.Жантохова



Халықаралық қашықтықтан білім беру орталығы. "Әлем таныған Ұлы Абай" атты "Абай Құнанбайұлының 176 жылдығына арналған" халықаралық қашықтық шығармашылық фестиваліне колледждің 109ЕФ-9/21 топ студенті Ж.Құрман қатысып, жүлделі І Дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Қызылорда жоғары медициналық колледжі кәсіби шет тілі пәні бойынша ұйымдастырған "Future Specialist" атты Республикалық онлайн олимпиадасында "Мейіргер ісі" мамандағы, 209 топ студенті А.Жақсыбай ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Жетекшісі: Б.А.Қырықбаева.

---

Жамбыл жоғары медициналық колледжі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№4
05.01.2022ж.













## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

**1 | "WORLDSKILLS KAZAKHSTAN 2021" VI республикалық чемпионаты**

Нұр-сұлтан қаласы әкімдігі "Медициналық және әлеуметтік күтім" құзіреттілігі бойынша "WorldSkills Kazakhstan-2021" чемпионатына колледж түлегі К.Сүйінбекұлы қатысып бас жүлдені жеңіп алды.

**2 | БАЙҚАУ**

Колледжде этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі 2021ж. модельдік жоспары негізінде ағылшын тілінде 1-2 курс студенттері арасында эссе және қазақ, орыс тілінде мәнерлеп оқудан байқау.

**3 | ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 жыл**

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына "Тәуелсіз елдің ұлағатты ұрпағы" атты қалалық конференция өтті.

**4 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫС**

Кітапханашылардың ұйымдастыруымен "Азаттық аңсаған-Алихан Бөкейханов" атты дөңгелек

**5 | АШЫҚ-ІС ШАРАЛАР**

"Мен электронды темекіге қарсымын", "Мы против коррупции" және "Ғасырдың өлім тұзақтары" тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары.

**6 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

"Казахстан - наш общий дом" тақырыбында ата-аналар жиналасы.

**7 | ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУ**

Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова мен студенттер кәсіподақ ұйымы Жаңа Жыл мерекесімен құттықтады.

**8 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ**

Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен кешкі мезгілде "Түнгі қаладағы балалар" рейді ұйымдастырды.

**9 | "MEDIC ВОЛОНТЕР" қозғалысының ашылуы**

Колледждің жастар ісі-жөніндегі инспекторы құрылымының белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен "Medic волонтер" қозғалысы ашылды.

**10 | КЕЗДЕСУ**

Діни сауаттылықты дамыту кеңесінің жетекшісі А.С.Байбосынованың ұйымдастыруымен "Жаңа діни ағымдардың кері әсері" тақырыбында маманмен кездесу.

**11 | ҚҰТТЫҚТАУЛАР**

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

## 1 | “WORLDSKILLS KAZAKHSTAN 2021” VI республикалық чемпионат



15.11.2021ж. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» базасында «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan 2021» VI республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты өткізілді. Жұмысшы кәсібінің маңыздылығын арттыратын аталмыш сайысқа Қазақстанның 16 облысынан 16 сайыскер қатысты. Сайыс кезеңдері науқастарға күтім шараларын жүргізуді әне ұйымдастыруды қамтитын 3 тәжірибелік аймақта ұйымдастырылды. Сайыскерлер бөлінген аймақтарда манипуляцияларды орындауда тәжірибелік дағдыларын көрсетіп, стандартталған пациенттермен коммуникативтік байланыс орнату, клиникалық ойлау қабілетін, конфликтті жағдайларды алдын алу шеберлігін танытты.Чемпионаттың жеңімпаздарын марапаттау үшін аталған құзыреттілік бойынша мәреге жеткен 6 облыстың сайыскерлері «WorldSkills Kazakhstan 2021» VI республикалық кәсіби шеберлік чемпионатының жабылу салтанатына шақырылды. Жамбыл облысының атынан «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша кәсіби шеберлігін жоғары деңгейде көрсете білген, колледждің түлегі Кәрім Сүйінбекұлы жүлделі І орын, алтын медаль иегері атанды. Жастардың кәсіптегі шеберлігін анықтайтын «WorldSkills Kazakhstan -2021» республикалық чемпионаты өз мәресіне жетіп, Жамбыл облысы студенттері аймақ үмітін ақтады. Чемпионат нәтижесінде 4 құзыреттілік бойынша 5 студент жүлделі орындарды иеленді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова «WorldSkills Kazakhstan 2021» VI республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында Жамбыл облысы атынан қатысып, жеңімпаз атанған Жүлдегерлерді құттықтап, тек қана биік шыңдардан көрінуіне тілек білдірді.

## 2 | БАЙҚАУ



25.12.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі 2021 жылғы модельдік жоспары негізінде “Peace is the bright star of the World” тақырыбында ағылшын тілінде І-ІІ курс студенттері арасында эссе байқауы өткізіліп, төмендегі студенттер жүлделі орындарға ие болды. І орын - Сокуренко А. 217 ЕФ- 9/20 топ, ІІ орын- Бабалы К. 110 ЕФ -9/21 топ, ІІІ орындар - Иванова К. 210 СД-9/20 топ, Латифова С. 136 Ф-11/21 топ.



27.12.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімі мен оқытушылар Бердалиева Э.Б, Бейсенбаева А.О, Иманалиева Г.Ж. ұйымдастыруымен этносаралық қатынастарды дамыту мақсатында «Дружат люди, дружат языки» тақырыбында 1 курс студенттерінің өзге ұлттар арасында өз ана тілінде және қазақ, орыс тілдерінде мәнерлеп оқудан байқау өтті. Жеңімпаздар мен қатысушылар сыйлықтарға ие болып, Диплом, Алғыс хаттармен марапатталды.

## 3 | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



10.12.2021ж. Әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай еліміздің 30 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктерін насихаттау және тәуелсіздік туралы студенттердің білімдерін әзектендіру, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту мақсатында on-line тәртібінде «Тәуелсіз елдің ұлағатты ұрпағы» атты қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Ғылыми-тәжірибелік конференцияға М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Тарих және география» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Е.Қ.Серікбаев, конференцияның салтанатты ашылуында сөз сөйледі. Конференцияға: Жамбыл жоғары медициналық колледжі, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, Жамбыл политехникалық жоғары колледжі, «Тараз -Болашақ» жоғары медициналық колледжі, «Астана» көпсалалы колледжі студенттері қатысты.



14.12.2021ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына «Емдеу ісі» 117 топ кураторы А.С.Байбосынова. «Мейіргер ісі» мамандығы, 201 топ кураторы Г.Ж.Иманалиеваның ұйымдастыруымен «Жамбыл облысы: жетістігі мен болашағы.Тәуелсіздік-тәуекелге бара алатындардың сыбағасы» тақырыбында кәсіпкерлермен кездесу өтті. Кеш қонақтары жас кәсіпкерлер: С.Ж.Шахметова, М.Қ.Жасұзақов, А.Н.Укиева.



15.12.2021 ж. Колледждің «Емдеу ісі» 117 топ кураторы А.С.Байбосынованың ұйымдастыруымен Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағыты бойынша Тәуелсіздігіміздің 30жылдығына орай «Алты алаштың айбынын асқақтатқан Тәуелсіздік» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты өтті.

## 4 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



11.12.2021 ж. Колледж кітапханашыларының ұйымдастыруымен “Азаттық аңсаған - Алихан Бөкейханов” тақырыбында 201 топ студенттерімен дөңгелек үстел өткізілді.

Жамбыл жоғары медициналық колледжі | №4, 5 қаңтар 2022 жыл | КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

## 5 | АШЫҚ ІС-ШАРАЛАР



08.12.2021ж. Колледжде «Емдеу ісі» бөлімі, 109 топ кураторы А.А.Мыңжасарова « Мен электронды темекіге карсымын» атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Білімгерлерді зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық белсенділіктерін дамыту.



09.12.2021 ж. «9 Желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне» орай қазіргі кезде қоғам дертіне айналған жемқорлықтың алдын-алу мақсатында "Мы против коррупции" тақырыбында оқытушы Э.Б.Бегалиеваның ұйымдастыруымен "Мейіргер ісі" бөлімі, 308С-9/19 топ студенттерімен ашық тәрбие сағаты өткізілді.



10.12.2021ж. Қазақ тілі пәні «Шамшырақ» үйірмесі «Ғасырдың өлім тұзақтары» тақырыбында 1 курс студенттерімен ашық отырыс өтті. Ашық отырыстың мақсаты: темекінің, арақтың,ішімдіктің зиянына ғылыми дәлелденген деректер бойынша нақты фактілермен көз жеткізіп, жастарды жат әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу; Зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салты мен адам денсаулығы арасындағы байланыс жайында ғылыми көзқарас қалыптастыру. Жауапты: қазақ тілі пәнінің оқытушысы: З.И.Абдалимова.

## 6 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



27.12.2021 ж. Колледжде «Казахстан-наш общий дом» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: студенттер арасында этномәдени қоғамды жүзеге асыру, ата-аналардың оң көзқарасын қалыптастыру, әртүрлі халықтардың мәдениетіне қызығушылық пен құрметті қалыптастыру. Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.

## 7 | ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУ




Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Жамиля Нургалиқызы мен студенттер кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен колледждің белсенді және мүмкіндігі шектеулі студенттерді Жаңа Жыл мерекесімен құттықтады.

## 8 | «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ» алдын алу

15.12.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен мереке және демалыс күндері кәмелетке толмаған балаларды қадағалаусыз жүруін, қылмыс жасауын, топтық төбелес ұйымдастыруының алдын алу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» рейді ұйымдастырылды.

## 9 | “MEDIC ВОЛОНТЕР” қозғалысының ашылуы



22.12.2021 ж. Колледждің жастар ісі жөніндегі инспектор құрылымының белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен , Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, “MEDIC ВОЛОНТЕР” қозғалысы ашылып, өз жұмысын жасауда.

## 10 | КЕЗДЕСУ



28.12.2021 ж. Діни сауаттылықты дамыту кеңесінің жетекшісі А.С.Байбосынованың ұйымдастыруымен этносаралық қатынастарды дамыту мақсатында «Жаңа діни ағымдардың кері әсері» тақырыбында колледжінің 1 курс студенттерінің арасында Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» теолог маманы Б.Қ.Алпысбаевпен кездесу өтті. Мақсаты: Студенттің бойындағы ақпараттық зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін адамгершілік идеяларын қуат көзі болатын жеке тұлға тәрбиелеу.